

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне аккредитив ашу және оның қолданылу мерзімін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1408 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетіне 006 "Әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту" бюджеттік бағдарламасы, 016 "Жобаны республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру" кіші бағдарламасы бойынша 2004 жылғы 23 тамыздағы қаржыландыруға арналған шарт және 2004 жылғы 27 желтоқсандағы оған қосымша Келісім бойынша Siemens-Marubeni-Laing-Alarko Консорциумына салықтарды және кеден баждарын өтеуге аккредитив ашу және оның қолданылу мерзімін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысымен келісілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті белгіленген тәртіппен аккредитив ашсын және оның қолданылу мерзімін ұзартсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы